




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық
өнер университеті» РММ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Негізгі ережелер	2
2	Дипломдық жобаның / жұмыстың мазмұнына қойылатын талаптар	3
3	Дипломдық жобаны / жұмысты жазу тәртібі	4
4	Дипломдық жобаның / жұмыстың құрылымы және оны дайындау	5
5	Дипломдық жобаны / жұмысты дайындау қағидалары	8
6	Білікті бітіру жұмысын қорғау	12
7	Қорытынды ережелер	15
	А қосымшасы. Дипломдық жобаның / жұмыстың негізгі беті	16
	Ә қосымшасы. Пайдаланылған әдебиетті көрсету мысалдары	17
	Б қосымшасы. Дипломдық жобаның / жұмыстың бөлімдерін, бөліктерін, тармақтарын, тармақшаларын нөмірлеу мысалдары	19

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Дипломдық жоба / жұмыс туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) іске асырылатын мәдениет және өнер саласында бакалаврларды дайындаудың білім беру бағдарламалары бойынша дипломдық жобалардың және жұмыстардың құрылымына, мазмұнына, көлеміне және дайындау қағидаларына жалпы талаптарды белгілейді.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (7 қосымша).


1.3 Дипломдық жоба – бакалавриатта білім алушының шығармашылық жобалар түрінде орындалатын білікті бітіру жұмысы, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес қолданбалы мәселелерді өздігінше шешуден тұрады.

1.4 Дипломдық жұмыс – білікті бітіру жұмысы, бакалавриаттың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес өзекті ғылыми мәселені білім алушының өздігінше зерттеуінің нәтижелерін жалпылаудан тұрады.

1.5 Дипломдық жобаның / жұмыстың мақсаты:

- зерттелінетін мәселелерді шешу кезінде нақты тәжірибелік (шығармашылық) міндеттерді өздігінше шешу қабілетін және ғылыми зерттеуді жүргізу дағдыларын көрсету;
- қабылданған шешімдерді теориялық негіздеу және зерттеуінің барысын белгілі бір тәртіпте және бірізді баяндау
- таңдаған мамандық немесе білім беру бағдарламасы саласындағы нақты шығармашылық міндеттерді шешу кезінде теоретикалық білімді және тәжірибелік дағдыларды бекіту және кеңейту;
- білім алушының кәсіби қызметке дайындығының деңгейін анықтау;

1.6 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғау - бакалаврды дайындаудың қорытынды кезеңі. Ол білім алушыға тиісті мамандық немесе білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беру үшін негіздеме болады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

1.7 Дипломдық жобаны / жұмысты ғылыми жетекшінің жетекшілік етуімен білім алушы өздігінше орындайды.

2 ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ / ЖҰМЫСТЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Дипломдық жобаның / жұмыстың мазмұны кафедра мен факультеттің ғылыми зерттеу және шығармашылық қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес болуы және білім алушыларға нақты шығармашылық мамандықтың өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік беруі тиіс.

2.2 Білім алушылардың дипломдық жобаларының / жұмыстарының тақырыптары сәйкес болуы тиіс:

- заманауи ғылымның, өнердің және мәдениеттің дамуына;
- мамандыққа / білім беру бағдарламасына және кафедрада мамандарды дайындау бейініне;
- өзектілігі, білім беру саласында, ғылымда, өнер мен мәдениетте нақты мәселелерді шешудің болуы;
- ғылым мен шығармашылық этикасының ұстанымдарына негізделуі.


2.3 Дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптарын білім алушылардың ғылыми жетекшілері ұсынады. Дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптары ерекше болуы тиіс. Қайталануына ғылыми жетекшілердің негіздемесі болуымен өткен жылдардағы тақырыптардың қайталануына рұқсат етіледі.

2.4 Дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптары оқу жылы басталғаннан кейін бір ай ішінде кафедралар жиналыстарында талқылаудан өтеді.

2.5 Кафедраның шешімінің негізінде дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптары Университет ректорының бұйрығымен бітіруші курстың білім алушысының атына бекітіледі.

2.6 Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысын орындауы және дипломдық жобаны / жұмысты дайындауы бітірушіде келесі біліктіліктерді қалыптастыруға ықпал етуі тиіс:

- мәтіндік, цифрлық, көрнекі және басқа ақпаратты таба білу және дұрыс пайдалану;
- кәсіби білімді сыни тұрғыдан ұғына білу және пайдалану;
- ғылыми зерттеулерді және тәжірибелік (шығармашылық) жобаларды іске асыру, қойылған міндеттерді шешудің жаңа жолдарын іздеу үшін білім мен дағдыларды игеру;
- қойылған міндеттерді шешу үшін түрлі салалардан білімді біріктіре білу;

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

- коммуникативтік қабілетке ие болу, өз ойын белгілі бір тәртіпте және дәлелді жеткізу;
- өз жұмысының нәтижелерін белгілі бір тәртіпте және бірізді баяндай білу, оларды жұмыс бойынша қысқа тұжырымдалған қорытындылармен аяқтау;
- академиялық жазу және мәтіндік ақпаратты рәсімдеу қағидаларын білу, мәтінді сауатты баяндау;
- академиялық адалдық ұстанымдарының маңызын түсіну.

2.7 Дипломдық жобаның / жұмыстың көлемі әдетте, 30-50 беттен тұрады. Қосымшалар аталған көлемге кірмейді.

2.8 Дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптары қажет болса, ғылыми жетекшінің және бітіруші кафедраның ұсыныстары бойынша өзгертілуі, нақтылануы мүмкін.

2.9 Білікті бітіруші жұмысты қорғаудың басталуына дейін бір ай бұрын дипломдық жобалардың / жұмыстардың тақырыптарының түпкілікті атауларын көрсетумен кафедралардың ұсыныстары негізінде білім алушылардың қорғауына рұқсат ету туралы Университет ректорының бұйрығы шығарылады.

3 ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ / ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Дипломдық жобаны / жұмысты жазу үшін оқу жылының басында бітіруші курстың әрбір білім алушысына ғылыми жетекші тағайындалады.


3.2 Дипломдық жобаның / жұмыстың ғылыми жетекшісі орындайды:

- қорытынды бітіру жұмысын орындау үшін тапсырма береді;
- дипломдық жобаны / жұмысты орындаудың бүкіл кезеңіне күнтізбелік жұмыс кестесін әзірлеуде білім алушыға көмек көрсетеді;
- білім алушыға қажетті әдебиетті, анықтамалықтарды, ноталық, бейне-және фотоматериалдарды және тақырып бойынша басқа ақпарат көздерін ұсынады;
- дипломдық жобаны / жұмысты орындаудың күнтізбелік жұмыс кестесін қадағалауға ағымдағы бақылауды іске асыру үшін өткізілетін кеңестердің кестесін белгілейді;
- дипломдық жобаның / жұмыстың барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және жұмыстың мазмұнына түзетім енгізеді.

3.3 Білім алушы күнтізбелік жұмыс кестесін дипломдық жобаны / жұмысты орындаудың бүкіл кезеңіне, жеке бөлімдерді орындаудың кезектілігін көрсетумен құрастырады.

Күнтізбелік жұмыс кестесін ғылыми жетекші мақұлдайды.

3.4 Дипломдық жобаны / жұмысты орындау үшін білім алушы осы Ереженің негізінде бітіруші кафедраның оқытушылары әзірлеген әрбір

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

мамандық / білім беру бағдарламасы бойынша дипломдық жобаны / жұмысты орындау жөніндегі әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етілуі тиіс.

3.5 Бітіруші кафедраның жиналысында дипломдық жобаны / жұмысты орындаудың бүкіл кезеңіне күнтізбелік жұмыс кестесін іске асыру бойынша білім алушының есебінің кестесі бекітіледі.

3.6 Күнтізбелік жұмыс кестесін іске асыру бойынша білім алушының есебін кафедра меңгерушісі, бітірушілердің ғылыми жетекшілері және факультет деканы (мүмкін болса) тыңдайды.

3.7 Есеп беру кезінде (қорытынды бітіру жұмысын орындау нәтижелерін қарау) дипломдық жобаның / жұмыстың дайындық дәрежесі белгіленеді, оны орындау бойынша ұсыныстар беріледі.

3.8 Дипломдық жобаны / жұмысты орындау нәтижелерін соңғы қарау қорытынды бітіру жұмысын қорғауға жіберу туралы мәселе шешілетін кафедра жиналысына дейін бір аптадан кешіктірілмей өткізіледі.

3.9 Білім алушы дипломдық жобаны / жұмысты орындау кестесін ұдайы бұзатын және жұмыстың орындалған бөлімдерін мерзімінде тапсырмайтын болса, кафедра меңгерушісінде және ғылыми жетекшіде білім алушыны қорғауға жібермеу туралы мәселені көтеру құқығы бар.

4 ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫҢ / ЖҰМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАЙЫНДАУ


4.1 Дипломдық жобаның / жұмыстың құрылымдық элементтері:

- Негізгі бет;
- Мазмұны;
- Нормативтік сілтемелер;
- Белгілеулер мен қысқартулар;
- Терминдер мен анықтамалар;
- Кіріспе;
- Негізгі бөлім;
- Қорытынды;
- Қолданылған әдебиет көздерінің тізімі;
- Қосымшалар.

4.2 Негізгі бет – дипломдық жобаның / жұмыстың бірінші беті және құжатты өңдеу және іздеу үшін қажетті ақпараттың көзі болып табылады.

4.2.1 Негізгі бетте келесі мәліметтер келтіріледі:

- Дипломдық жоба / жұмыс орындалған ұйымның атауы (толық атауы);
- Әмбебап ондық жіктеу индексі (ӘОЖ);
- Дипломдық жоба / жұмыс орындалған факультет пен кафедраның атауы;

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

- Жұмыстың атауы (дипломдық жоба / жұмыс);
- Дипломдық жобаның / жұмыстың атауы (тақырыбы);
- Мамандықтың немесе білім беру бағдарламасының шифрі және атауы;
- Жұмысты орындаған тұлға (білім алушының аты-жөні);
- Ғылыми жетекшінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми немесе құрметті атағы (бар болса) көрсетілуімен;
- Дипломдық жоба / жұмыс жазылған жер (қала) және жыл.

Негізгі беттің орындалу мысалы А қосымшасында келтірілген.

4.2.2 Дипломдық жобаның / жұмыстың беттерін жалпы нөмірлеуге негізгі бет кіреді. Беттің нөмірі негізгі бетке қойылмайды.

4.2.3 Негізгі бетке білім алушы және оның ғылыми жетекшісі көк сиялы қаламмен қол қоюы тиіс.

4.3 Мазмұнға кіріспе, барлық бөлімдердің, бөліктердің реттік нөмірлері және атаулары, қолданылған әдебиет тізімі және қосымшалар тізбесі кіреді, осы элементтер басталатын беттердің нөмірлері көрсетілуімен.

4.4 Нормативтік сілтемелер дипломдық жобаның / жұмыстың мәтінде сілтемелер берілетін стандарттар тізбесінен тұрады.

4.4.1 Стандарттар тізбесі: «Осы дипломдық жобада / жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған» секілді сөйлемнен басталады.

4.4.2 Стандарттар тіркеу нөмірлерінің өсу тәртібі бойынша келтіріледі.

4.5 Белгілеулер мен қысқартулар дипломдық жобада / жұмыста пайдаланылатын белгілеулер мен қысқартулар тізбесінен тұрады.

4.5.1 Белгілеулер мен қысқартулар тізбесі олардың дипломдық жобада / жұмыста келтірілген тәртібінде немесе әліпби тәртібінде келтіріледі.

4.5.2 Әрбір белгілеуге және қысқартуға толық жазылуы және түсіндіру беріледі.

4.5.3 Белгілеулер мен қысқартулар тізбесі баған түрінде келтіріледі – кесте нысанында толтырылады, кестенің шекаралары бейнеленбейді.

4.6 Терминдер мен анықтамалар дипломдық жобаның / жұмыстың мәтінде кездесетін және жиі пайдаланылатын негізгі терминдерден тұрады.

4.6.1 Терминдер тізбесі олардың анықтамаларымен: «Осы дипломдық жобада / жұмыста келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады».


4.6.2 Терминдер мен анықтамалар жолдық және кестелік нысанда келтірілуі мүмкін.

4.7 Келесі құрылымдық элементтердің болуы міндетті емес:

- Нормативтік сілтемелер;
- Белгілеулер мен қысқартулар;
- Терминдер мен анықтамалар;

Оларды бір құрылымдық элементке біріктіруге болады.

4.8 Кіріспеде шешілетін тәжірибелік (шығармашылық) немесе ғылыми мәселенің заманауи жағдайын қысқаша бағалау және осы бағытта ғылыми зерттеулердің / жұмыстардың өткізілу қажеттілігін негіздеу келтіріледі.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7 бет

Кіріспеде көрсетілуі тиіс:

- Тақырыптың өзектілігі және жаңалығы;
- Мақсаттар мен негізгі міндеттер;
- Зерттеудің нысаны және мәні;
- Жұмыстың нәтижелерінің теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығы;
- Зерттеу әдістері және әдістемелері;
- Қорғауға шығарылатын шығармашылық жоба немесе ғылыми ережелер;
- Жұмыстың нәтижелері және олардың сынақтан өткізілуі (апробациясы)/ іске асырылуы.

4.9 Дипломдық жобаның / жұмыстың негізгі бөлімі зерттеу бағытын таңдауды негіздеуден, шешілетін міндеттің заманауи жағдайын бағалаудан, шығармашылық ойды сипаттаудан, пайдаланылатын әдістерді негіздеуден, таңдалған тақырып бойынша өткізілген жұмыстарды, негізгі нәтижелерді және олардың сынақтан өткізілуін (апробациясын) сипаттаудан тұрады.

Негізгі бөлім әдетте, бірнеше бөлімнен тұрады.

4.10 Қорытындыда болуы тиіс:

- дипломдық жобаның / жұмыстың нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- қойылған мәселелерді шешудің толықтығын бағалау;
- нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсыныстарды және бастапқы деректерді әзірлеу;
- дипломдық жобаның / жұмыстың нәтижелерін енгізу немесе сынақтан өткізу (апробация) қорытындылары.

4.11 Қолданылған әдебиет тізімінде дипломдық жобаны / жұмысты жазу кезінде пайдаланылған әдебиет көздері туралы мәліметтер келтіріледі.


4.11.2 Әдебиет көздері нүктесіз, араб цифрларымен нөмірленеді.

4.11.3 Әрбір әдебиет көзі абзацтық шегіністі қадағалаумен жаңа жолдан бастап келтіріледі.

4.11.4 Әдебиет көздерін келтіру оның түрі мен жариялану орнына байланысты белгілі бір тәсілмен орындалады. Орындау мысалдары Ә қосымшасында келтіріледі.

4.11.5 Әдебиет көздері дипломдық жоба / жұмыс жазылған тілге байланыссыз түрде, оның шығыс деректері көрсетілген (әдебиет жарияланған) тілде келтіріледі. Егер шығыс деректері бірнеше тілде көрсетілген болса, автордың келтірілген нұсқалардың кез келгенін пайдалану құқығы бар.

4.11.6 Дипломдық жобаның / жұмыстың мәтінінде әдебиет көздерін пайдалануға сілтемелерді шаршы жақшаларға алу қажет, оларда әдебиеттің пайдаланылған әдебиет көздерінің тізіміндегі реттік нөмірі келтіріледі.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8 бет

4.12 Қосымшаларға негізгі бөлімге енгізілмейтін, анықтамалық және көрнекілік сипаттағы материалдарды енгізу ұсынылады.

4.12.1 Қосымшаларға енгізілуі мүмкін:

- түрлі сипаттағы деректер кестелері;
- дипломдық жобаны / жұмысты өткізу кезінде қолданылатын қондырғылар мен аспаптарды сипаттау;
- қосымша сипаттағы иллюстрациялар (фотосуреттер);
- дипломдық жобаның / жұмыстың сынақтан өткізу (апробация) нәтижелері, т.б.

4.12.2 Қосымшалар дипломдық жобаның / жұмыстың соңында, оларға жұмыстың мәтінінде сілтеме келтірілу тәртібінде орналастырылады. Қосымшаларға сілтемелер болуы міндетті.

4.12.3 Қосымшалар әліпбиге сәйкес әріптік белгілермен белгіленеді. Әрбір қосымша жеке парақта орналастырылады. Жоғарғы оң бұрышта әріптік белгі, одан кейін «қосымшасы» сөзі жазылады.

4.12.4 Әрбір қосымшаның атауы (тақырыбы) болуы тиіс.

5 ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАНЫ / ЖҰМЫСТЫ ДАЙЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

5.1 Дипломдық жоба / жұмыс А4 пішіміндегі ақ қағаз парақтарында, парақтың бір жақ бетіне басылып беріледі.

5.2 Дипломдық жоба / жұмыс баспалық тәсілмен, компьютерді және баспа құрылғысын (принтер) пайдаланумен орындалады.

Дипломдық жобаның / жұмыстың мәтінін теруде беттердің келесі шеттік өлшемдерін қадағалау қажет: оң - 15 мм, жоғарғы - 20 мм, сол - 30 мм және төменгі - 20мм.

Жолдардың аралығы – бір өлшемді.

Мәтін ені бойынша дұрысталады. Табуляция (абзац шегінісі) 1,25 см құрайды.

Негізгі әріп - 14, Times New Roman. Қосымша әріп (сілтемелер мен кестелер үшін пайдаланылады) - 12, рұқсат етіледі - 10.

5.3 Басылған мәтін мен дайындалған иллюстрациялардың, кестелердің, ноталардың сапасы оларды айқын көрсету талаптарын қанағаттандыруы тиіс. Әріптер мен белгілердің біркелкі тығыздығы, айқындығы және бейнелену анықтығы болуы тиіс.

5.4 Дипломдық жобаны / жұмысты дайындау барысында анықталған қателіктер мен дәлсіздіктерді сол тұсқа ақ бояу жағып, қара сиялы қаламды немесе тушты қолданып, түзетілген мәтінді қолмен мұқият жазуға болады (2-3 әріптен аспайды).



ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:
30.09.2021

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

9 бет

Мәтінді парақтардың, жөнделген тұстардың бүлінуіне және бұрынғы мәтіннің толық жойылмай, іздері қалуына рұқсат етілмейді.

5.5 Тұлғалардың аты-жөндері, ұйымдардың атаулары, басқа да жалқы есімдер дипломдық жобада / жұмыста түпнұсқалар тілінде келтіріледі.

Жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйымдардың атауларын дипломдық жоба / жұмыс жазылған тілге аударып, түпнұсқалық атауына қоса беруге (бірінші рет нұсқалғанда) болады.

5.6 Дипломдық жобаның / жұмыстың әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастау қажет.

5.7 Дипломдық жобаның / жұмыстың беттері бүкіл мәтін бойынша үзіліссіз нөмірлеуді қадағалаумен, қосымшаларды қоса, араб цифрларымен нөмірленеді. Беттің нөмірі беттің төменгі тұсының ортасында, нүктесіз қойылады.

5.7.1 Негізгі бет беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді. Негізгі беттің нөмірі қойылмайды.

5.7.2 Жеке парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелерді дипломдық жобаның / жұмыстың беттерін жалпы нөмірлеуге жатқызады.

А3 пішіміндегі парақтағы иллюстрациялар, кестелер бір бет ретінде ескеріледі.

5.8 Дипломдық жобаның / жұмыстың негізгі бөлімі бөлімдерге, бөліктерге және тармақтарға бөлінеді. Тармақтар қажет болса, тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Мәтінді тармақтар мен тармақшаларға бөлген кезде әрбір тармақта аяқталған ақпарат болуы тиіс.

5.9 Бөлімдердің, бөліктердің тақырыптары болуы тиіс. Тармақтардың, әдетте, тақырыптары болмайды. Тақырыптар бөлімдердің, бөліктердің мазмұнын нақты және қысқаша бейнелеуі тиіс.

5.10 Бөлімдердің, бөліктердің және тармақтардың тақырыптарын абзацтық шегіністен бастау, қою және бас әріппен теру қажет, соңында нүкте қойылмайды. Астын сызу және курсив тәсілдері қолданылмайды.


Егер тақырып екі сөйлемнен тұрса, оларды нүкте ажыратып тұрады.

5.11 Бүкіл жұмыстың шегінде дипломдық жобаның / жұмыстың бөлімдерінің реттік нөмірлері болады, олар арабша цифрлармен, нүктесіз белгіленеді және абзацтық шегіністен бастап жазылады.

5.12 Бөліктер әрбір бөлімнің шегінде нөмірленеді. Бөліктің нөмірі нүктемен ажыратылып тұратын, бөлімнің және бөліктің нөмірлерінің бірігуінен тұрады. Бөліктің нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

5.13 Бөлімдер мен бөліктер бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.

Егер дипломдық жобада / жұмыста бөліктер болмаса, ондағы тармақтарды нөмірлеу әрбір бөлімнің шегінде болуы тиіс, және тармақтың нөмірі нүктемен ажыратылып тұратын, бөлімнің және тармақтың нөмірлерінен тұрады. Бұл тұстағы тармақтың нөмірінің соңында нүкте қойылмайды.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

Егер дипломдық жобада / жұмыста бөліктер бар болса, ондағы тармақтарды нөмірлеу әрбір бөліктің шегінде болуы тиіс, және тармақтың нөмірі нүктемен ажыратылып тұратын, бөлімнің, бөліктің және тармақтың нөмірлерінен тұрады.

5.14 Егер бөлім бір бөліктен тұрса, бөлік нөмірленбейді. Егер бөлік бір тармақтан тұрса, тармақ нөмірленбейді.

5.15 Тармақтар, қажет болса, тармақшаларға бөлінуі мүмкін, олар әрбір тармақтың шегінде реттік тәртіпте нөмірленеді.

5.16 Әрбір тармақтың немесе тармақшалардың ішінде келтірулер кездесуі мүмкін.

Осындай әрбір келтірудің алдында – сызықша немесе құжаттың мәтінінде келтірудің біріне сілтеме қажет болса – жол әріп (ё, й, ь, ы, ь әріптерінен басқа), одан кейін жақша қойылады.

Келтірулерді одан әрі егжей-тегжейлі ету үшін араб цифрларын пайдалану қажет, олардан кейін жақша қойылады, ал жазу шегіністен (абзацтық) басталады.

Бөлімдерді, бөліктерді, тармақтарды және тармақшаларды бейнелеу мысалдары Б қосымшасында берілген.

5.17 Иллюстрацияларды (суреттер, фотосуреттер, ноталар, графиктер, диаграммалар, т.б.) дипломдық жобада / жұмыста олар алғаш нұсқалған тұстағы мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастыру қажет.


5.18 Иллюстрациялар қолмен немесе компьютерді және басқа электрондық құрылғыларды пайдаланумен орындалуы мүмкін.

5.19 Иллюстрациялар (қосымшалардың иллюстрацияларынан басқа) араб цифрларымен, үзіліссіз нөмірленеді.

Иллюстрацияларды бөлімнің шегінде нөмірлеуге болады. Бұл жағдайда иллюстрацияның нөмірі нүктемен ажыратылып тұратын, бөлімнің нөмірінен және иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады.

5.20 Барлық иллюстрациялар суреттер деп аталады. Әрбір иллюстрацияға оның нөмірі, «сурет» сөзі және сызықша арқылы жалғанумен атауы көрсетіліп қойылады. Иллюстрацияның атауының соңында нүкте қойылмайды. Мәтін жолдың ортасы бойынша дұрысталады.

Мәтіндегі иллюстрацияны 5.1 суретке сәйкес көрсету қажет.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

5.1 кесте - Шығармашылық емтихандарды өткізу нысандары

БББ тобының нөмірі	БББ тобының атауы	I шығармашылық емтихан	II шығармашылық емтихан
В006	Музыка мұғалімдерін дайындау	Орындаушылық өнер	Жалпы музыкалық қабілетті көрсету (жазбаша және ауызша)
В021	Орындаушылық өнер	Жеке (соло) бағдарламаны орындау	Музыка теориясы және сольфеджио бойынша ауызша және жазбаша емтихан

5.1 сурет – Иллюстрацияны және кестені көрсету мысалы

5.21 Қосымшалардағы иллюстрацияларды цифрдың алдында қосымшаның белгіленуін қосу арқылы араб цифрларымен, бөлек нөмірлейді. Мысалы, «А1 суреті – Иллюстрацияның атауы».

5.22 Дипломдық жобаның / жұмыстың мәтінде барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі тиіс.

Иллюстрацияларға сілтемелер беруде, үзіліссіз нөмірлеуде: «2 суретке сәйкес...» немесе бөлімнің шегіндегі нөмірлеуде: «1.2 суретке сәйкес...» деп жазу қажет.

Иллюстрацияларға сілтемелерді жақшаға алу немесе нөмірін көрсетумен «сурет» сөзін пайдалану арқылы мәтінде нұсқауға болады.

5.23 Кестелерді жақсы көрнекілік және көрсеткіштерді салыстырудың ыңғайлы болуы үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнын бейнелеуі, дәл, қысқа болуы тиіс. Кестенің атауын кестенің үстінде, сол жақта, абзацтық шегініс жасамастан, сызықша арқылы ажыратылуымен, нөмірімен бір жолда орналастыру қажет.

5.24 Кестелерді (қосымшалардың кестелерінен басқа) араб цифрларымен, үзіліссіз нөмірлейді.


Кестелерді бөлімнің шегінде нөмірлеуге болады. Бұл жағдайда кестенің нөмірі нүктемен ажыратылып тұратын, бөлімнің нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұрады.

5.25 Қосымшалардағы кестелерді цифрдың алдында қосымшаның белгіленуін қосу арқылы араб цифрларымен, бөлек нөмірлейді. Мысалы, «Б1 кестесі – Кестенің атауы».

5.26 Кестені дипломдық жобада / жұмыста олар алғаш нұсқалған тұстағы мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастыру қажет.

5.27 Дипломдық жобада / жұмыста барлық кестелерге сілтемелер берілуі тиіс. Сілтеме беруде нөмірін көрсетумен «кесте» сөзін жазу қажет.

5.28 Жолдарының саны көп кестені басқа параққа (бетке) көшіруге болады.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

Кестенің бөлігін басқа параққа (бетке) көшірген кезде нөмірін, «кесте» сөзін және сызықша арқылы атауын көрсетумен, кестенің бірінші бөлігінің үстінде ғана орналастырады, басқаларының үстінде кестенің нөмірін көрсетумен «жалғасы» деп жазады, мысалы, «1 кестенің жалғасы».

5.29 Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптарын – жекеше түрде, бас әріптен, ал бағандардың тақырыпшаларын, егер олар тақырыппен бір сөйлемді құраса – жол әріптен, немесе бөлек мәні бар болса, бас әріптен бастап жазу қажет. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңында нүкте қойылмайды.

5.30 Кестелерді, әдетте, сол, оң жақтарынан және астыңғы жағынан сызықпен шектейді. Кестеде мәтінге қарағанда кішірек өлшемді әріп қолданылады (ұсынылатын әріп өлшемі - 12, сондай-ақ, 10 өлшемді әріпті пайдалануға болады). Бүкіл кесте бойынша бірдей өлшемді әріп қолданылуы тиіс.

5.31 Бағандардың тақырыптарын әдетте, кестенің жолдарына параллель етіп жазады. Қажет болса, бағандардың тақырыптарын перпендикуляр етіп орналастыруға болады.

5.32 Кестенің бас жағы оның қалған бөлігінен сызықпен бөлініп тұруы тиіс. Ондағы мәтін қою әріппен ерекшеленіп, жазылуы тиіс.

Дипломдық жобада / жұмыста кестелердің көрсетілуі 5.1 суретке сәйкес орындалады.

6 БІЛІКТІ БІТІРУ ЖҰМЫСЫН ҚОРҒАУ

6.1 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғау – бакалаврды дайындаудың қорытынды кезеңі. Ол білім алушыға тиісті мамандық немесе білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беру үшін негіздеме болады.

6.2 Дипломдық жоба / жұмыс қорғауға берілгенге дейін кемінде, бір ай бұрын бітіруші кафедрада алдын ала қорғау рәсімінен және сондай-ақ, плагиатқа қатысты міндетті тексеруден өтуі тиіс.

6.3 Плагиатқа қатысты тексеру Strikeplagiarism.com (Польша) сайтында өткізіледі, оны пайдалану құқығы осы компанияның Қазақстан Республикасындағы өкілі «Plagiat.pl» ЖШҚ тиесілі.


6.4 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғауға рұқсат алу үшін [Strikeplagiarism](http://Strikeplagiarism.com) жүйесінде келесі нәтижелер көрсетілуі тиіс:

КП1 - 50% аспауы тиіс;

КП2 - 7% аспауы тиіс;

КЦ - 30 % аспауы тиіс;

Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жұмыс қорғауға жіберілмейді.

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	

6.5 Дипломдық жобаны / жұмысты алдын ала қорғау келесілердің болуында іске асырылады:

- ғылыми жетекшінің пікірі;
- талап етілетін нәтижелерімен, плагиатқа тексеруден өту туралы анықтама.

6.6 Ғылыми жетекшінің еркін нысандағы пікірінде дипломдық жобаның / жұмыстың сипаттамасы беріледі. Онда әдетте, көрсетіледі:

- жұмыстың қысқа сипаттамасы;
- тақырыптың толық ашылуы;
- академиялық адалдық ұстанымының қадағалануы;
- білім алушылардың жұмысты өздігінше орындауы;
- жұмыстың қисынды құрастырылуын, орфографиясын бағалау.

Соңында келесі тұжырымдамамен қорытынды беріледі: ««Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына (аты-жөні)-ның дипломдық жобасы / жұмысы дипломдық жобаларға / жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді/ сәйкес келмейді, ал ұсынылған жұмыстың авторы қорғауға ұсынылады / ұсынылмайды және шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беруге лайық / лайық емес».

Пікірге ғылыми дәрежесін, ғылыми немесе құрметті атағын көрсетумен ғылыми жетекші қол қояды.

6.7 Ғылыми жетекшінің – «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс пікірі бітіруші кафедраның білім алушыны қорғауға жібермеу туралы шешім қабылдауы үшін негіздеме болады.


6.8 Қорғауға ұсынылған дипломдық жобалар / жұмыстар сыртқы рецензияға жіберіледі.

6.9 Дипломдық жобаның / жұмыстың сыртқы рецензенті болатын тұлғалар: ғылыми дәрежесі - ғылым докторы, ғылым кандидаты, академиялық дәрежесі - PhD философия докторы, бейін бойынша доктор, ғылыми атақтары - профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), қорғауға ұсынылған жұмыстың бейініне сәйкес мамандық бойынша кемінде, 5 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар.

6.10 Дипломдық жобаның / жұмыстың сыртқы рецензенті болатын басқа да тұлғалар: құрметті атақтары және мемлекеттік марапаттары және/немесе қорғауға ұсынылған жұмыстың бейініне сәйкес мамандық бойынша кемінде, 10 жыл шығармашылық жұмыс өтілі бар, өнер саласындағы жетекші мамандар.

6.11 Сыртқы рецензенттің рецензиясында келесілер беріледі:

- дипломдық жобаның / жұмыстың сипаттамасы (өзектілігі, жаңалығы және тәжірибелік маңыздылығы);
- тақырыптың маманды дайындау бейініне сәйкестігі;
- мәселенің шешілу дәрежесі және жұмыстың аяқталғандығы;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

- бағасы («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») көрсетілуімен қорытынды ;
- тиісті мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі.

6.12 Сыртқы рецензенттің рецензиясы еркін нысанда беріледі. Сыртқы рецензенттің ғылыми дәрежесін, ғылыми немесе құрметті атағын, лауазымын және жұмыс орнын көрсетумен қол қоюын жұмыс орны бойынша мамандар бөлімі растайды.

6.13 Сыртқы рецензенттің теріс рецензиясы білім алушыны қорғауға жібермеуге негіздеме болмайды.

Білікті бітіру жұмысын қорғауға білім алушы бітіруші кафедраның шешімінің негізінде Университет ректорының бұйрығы бойынша жіберіледі.

6.14 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғау келесілердің болуында іске асырылады:

- 1) бітіретін кафедраның қорғауға ұсыныстары туралы шешімдері (кафедра жиналысының хаттамасынан көшірмелер);
- 2) ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- 3) талап етілетін нәтижелерімен, плагиатқа тексеруден өту туралы анықтама;
- 4) сыртқы рецензенттің рецензиясы.


6.15 Білім алушы қорғауға дейін кемінде, үш күн бұрын мемлекеттік аттестациялық комиссияның (МАК) ғалым хатшысына дипломдық жобаның / жұмыстың қатты мұқабамен түптелген бір данасын, жұмсақ мұқабадағы дипломдық жобаның / жұмыстың, кемінде, 2 данасын, сондай-ақ, 6.14 тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды береді.

6.16 Дипломдық жоба / жұмыс әдетте, оқу тілінде беріледі. Дипломдық жобаны / жұмысты қорғау білім алушының таңдауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде өткізіледі.

6.17 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғау PowerPoint бағдарламасында немесе басқа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен орындалған презентациямен іске асырылады, қорғаудың жалпы уақыты – 30 минуттан аспайды, баяндаманың ұзақтығы – 15 минуттан аспайды.

6.18 Дипломдық жобаны / жұмысты табысты қорғаған білім алушыға МАК шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесі тағайындалады және қосымшасымен (транскрипт) меншікті үлгідегі диплом беріледі.

6.19 Дипломдық жобаны / жұмысты қорғағаннан кейін МАК хатшысы Университеттің мұрағатына дипломдық жобаның / жұмыстың қатты мұқабамен түптелген бір данасын тапсырады. Қатты мұқабаның ішкі жағына А5 пішіміндегі конверт жапсырылуы тиіс, оған 6.14 тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттар салынады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	15 бет

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

7.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.



ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ

2 нұсқасы:
30.09.2021

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

16 бет

А қосымшасы

Дипломдық жобаның / жұмыстың негізгі беті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ӘОЖ (УДК)

«» ФАКУЛЬТЕТІ

«» кафедрасы

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС

Тақырып

мамандықтың / білім беру бағдарламасының шифрі және атауы

Орындаған:


аты-жөні

Ғылыми жетекші:

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы,
құрметті атағы, мемлекеттік марапаттары,
лауазымы

аты-жөні

Нұр-Сұлтан 202_

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	17 бет

Ә қосымшасы

Пайдаланылған әдебиетті көрсету мысалдары

1 Жеке басылым, кітап

Балықбаева Р.Ғ. Кесте өнері. - Алматы: Өнер, 2016. – 78 б.

2 Кітаптағы мақала

Өрікбаева Н.Р. Театрдағы музыка // Қазақстанның музыка өнері. – Нұр-Сұлтан: Мастер По, 2019. – Б. 54-61.

3 Бірлескен авторлықта жазылған оқулық

Әкішев М.Н., Бұлтбаева А.Қ.

4 Жеке жазылған оқу құралдары

Қажитаев К.Ә. Сурет: Оқу құралы. – Ақтөбе: Гранит, 2013. – 132 б.

5 Ғылыми журналдағы мақала

Бораев Ж.К., Сланбеков І.Р. Қаланың заманауи сәулеті // Хабаршы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ РББ, 2017. - №4(119). – Т.2. – Б.127-130.

6 Конференция материалдарындағы мақала

Басенбеков Ә.Ғ. Түркі халықтарының ауыз әдебиеті // Шығыс халықтарының көне салт-дәстүрлері: IX Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары – Нұр-Сұлтан: Қазақ ұлттық өнер университеті, 2020. – Б.2. – Б.118-120.

7 Әдістемелік ұсыныстар

Балабаева М.З. 5В041700 – Сәндік өнер мамандығы студенттерінің кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Астана: ҚазҰӨУ, 2016. – 36 с.

Немесе (атауына байланысты)


Балабаева М.З. 5В041700 – Сәндік өнер мамандығы студенттерінің кәсіби тәжірибесін ұйымдастыру: Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: ҚазҰӨУ, 2016. – 36 б.

8 Ноталар жинағы

Садықова П.Д. Қазақстан жас композиторларының туындылары: Ноталар жинағы. – Алматы: Жасұлан, 2012. – 57 б.

9 Хрестоматия

Асылбеков И.Н. Дала әндері: Хрестоматия. – Алматы: ҚазҰПУ, 2019. – 81 б.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА / ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	18 бет

10 Газеттегі мақала

Әділханов А.Ә. Халық қазынасы //Айқын. -18.03.2012. - №78.

11 Электрондық газеттегі мақала

Қайнарұлы М. Серікжанның серті [Электрондық ресурс]: Егемен Қазақстан, 16.07.2020.– Қолжетімді: <https://egemen.kz/article/281815-serikdgannynh-serti> (қараған күн: 20.09.2020).

12 Электрондық ресурс

«Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысы. [Электрондық ресурс]: Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. - Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000058> (қараған күн: 18.02.2019).



Б қосымшасы

**Дипломдық жобаның / жұмыстың бөлімдерін, бөліктерін,
тармақтарын, тармақшаларын нөмірлеу мысалдары**

1 Бірінші бөлім

1.1 Бірінші бөлімнің бірінші бөлігі

1.1.1 Бірінші бөлімнің бірінші бөлігінің бірінші тармағы

1.1.2 Бірінші бөлімнің бірінші бөлігінің екінші тармағы

1.2 Бірінші бөлімнің екінші бөлігі

1.2.1 Бірінші бөлімнің екінші бөлігінің бірінші тармағы

1.2.2 Бірінші бөлімнің екінші бөлігінің екінші тармағы

2 Екінші бөлім (жаңа беттен)

2.1 Екінші бөлімнің бірінші бөлігі

2.1.1 Екінші бөлімнің бірінші бөлігінің бірінші тармағы

2.1.2 Екінші бөлімнің бірінші бөлігінің екінші тармағы

а) тармақшаның мәтіні (келтірулер);

б) тармақшаның мәтіні (келтірулер);

в) тармақшаның мәтіні (келтірулер);

2.2 Екінші бөлімнің екінші бөлігі

2.2.1 Екінші бөлімнің екінші бөлігінің бірінші тармағы

2.2.2 Екінші бөлімнің екінші бөлігінің екінші тармағы

а) тармақшаның мәтіні (келтірулер);

б) тармақшаның мәтіні (келтірулер);

1) келтірулердің егжей-тегжейі;

2) келтірулердің егжей-тегжейі;

в) тармақшаның мәтіні.

2.2.3 Екінші бөлімнің екінші бөлігінің үшінші тармағы

2.3 Екінші бөлімнің үшінші бөлігі

2.3.1 Екінші бөлімнің үшінші бөлігінің бірінші тармағы

2.3.2 Екінші бөлімнің үшінші бөлігінің екінші тармағы

3 Үшінші бөлім (жаңа беттен)

3.1 Үшінші бөлімнің бірінші бөлігі

1.1.1 Үшінші бөлімнің бірінші бөлігінің бірінші тармағы

1.1.2 Үшінші бөлімнің бірінші бөлігінің екінші тармағы

3.2 Үшінші бөлімнің екінші бөлігі

1.2.1 Үшінші бөлімнің екінші бөлігінің бірінші тармағы

1.2.2 Үшінші бөлімнің екінші бөлігінің екінші тармағы